

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Ұлттық қор – балаларға» жобасы: оған баланың қатысуы үшін заңды өкілдеріне не істеу керек?

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасын іске қосу жоспарланып отыр. Оның аясында Қазақстанның барлық кәмелетке толмаған азаматтарына жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) инвестициялық кірісінің 50% есептелетін болады. Оған қоса, балаларға өткен жылдары есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында инвестициялануын жалғастыратын болады. Нәтижесінде оларға қосымша инвестициялық кіріс есептеледі.

2006 жылы және одан кейін туылған, оның ішінде қорғаншылық/қамқоршылық тағайындалған балалардың заңды өкілдері "Ұлттық қор –балаларға" бағдарламасына қатысуды кепілді түрде қамтамасыз ету үшін бүгін не істей алады:

- 1) баланың жеке басын куәландыратын құжатты (балалардың азаматтығын айқындау үшін), оның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алу;
- 2) баланың деректемелерінің бар-жоғын және олардың дұрыстығын тексеру: кәмелетке толмаған адамның Т.А.Ә., туған күні, ЖСН, азаматтығы;
- 3) "электрондық үкімет" веб-порталындағы Жеке кабинетінің "Балалар туралы мәліметтер" бөлімінде өзінің балалары туралы мәліметтердің бар-жоғын тексеруге тиіс.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗК) нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды (міндеттемелерді), нысаналы жинақтау шоттарындағы (бұдан әрі - НЖШ) нысаналы жинақтарды есепке алу, нысаналы жинақтар төлемін жүзеге асыру жөніндегі оператор ретінде айқындалды.

Мақсатты талаптар мен мақсатты жинақтарды есепке алу АҚШ долларымен жүргізіледі.

Балалар 18 жасқа толғанға дейін нысаналы талаптар мен инвестициялық кіріс мерзімінен бұрын алу құқығынсыз есептеледі. 18 жасқа толғаннан кейін БЖЗК-да НЖШ ашылады. Шоттағы қаражатты екі мақсатқа – тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және білім алуға ақы төлеу үшін пайдалануға болады. Оны уәкілетті операторлар, яғни "Қазпошта" АҚ және екінші деңгейдегі банктер арқылы іске асыруға болады. Айта кету керек, қаражат НЖШ-ға аударылғаннан кейін инвестициялануын тоқтатады.

Нысаналы талаптарға қатысушы қайтыс болған, не соттың қайтыс болды деп жариялаған шешімі заңды күшіне енген, азаматтығын жоғалтқан жағдайда нысаналы талаптарды есептеу тоқтатылады.

Нысаналы талаптарға қатысушының/нысаналы жинақтарды алушының қайтыс болуына байланысты олардың мұрагерлері нысаналы талаптарды/нысаналы жинақтарды алу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен БЖЗК-ға жүгіне алады.

Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен адамдар Ұлттық қордың қаражатын пайдалану құқығынан айырылады.

Алушының 18 жасқа толғаннан кейін 10 (он) жыл өтсе де төлемдер алуға өтініші болмаған кезде талап етілмеген нысаналы жинақтау сомалары БЖЗК-дағы ерікті зейнетақы жарналары есепке алынатын жеке зейнетақы шотына аударылуы тиіс. Оларды алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).